


«Керемет» бастауыш мектеп – балабақша кешені

Тәрбие сағаты

Тақырыбы: Сыйынарем Ана
деген тәңірге!

3 «Ә» сынып жетекшісі: Сәрсенбаева Н
Пірімханқызы А

Тексерілді:  Тәрбие ісінің меңгерушісі
Бимурзаева А.М.

3 «Ә» сынып оқушылары 8 наурыз мерекесіне арналған
«Сыйынар ем Ана деген тәңірге» атты сценарий

Жүргізуші:

Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар,
Аналардан туған небір даналар,
Ана деген тіршіліктің тірегі,
Армысыздар, қасиетті аналар!

Ендеше ортаға 3 «Ә» сынып оқушыларын шақырамыз!
(Музыка әуенімен ортаға оқушылар шығады)

Кеш жарық, қымбатты ұстаз - аналар, арулар! Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, тағы да 8 - наурыз халықаралық әйелдер күні келді. Осынау қоркөм мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар - өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын дінгегі. Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүниенің өзі тек аналармен ажарлы. Бүгінгі арайлап атқан нұрлы таңмен бірге әрбір сәби жүрегі өзін деп соқса, бүгінгі мерекелік кешіміз де аналарға арналады.

Десек те уақытпенен жарыспайды,
Қияға қиялменен қарыштайды.
Шәкірттер шын жүректен тебіреніп
Өнерлерін анаға бағыштайды - дей келе _ 3 «Ә» сынып оқушыларының аналарға арналған әндерін қабыл алыңыздар.

ХОР: «Ақ Мамам»

Жүргізуші:

Сіздерден өскен балалар
Батырлар мен даналар,
Құттықтаймыз мейрамен,
Құрметті абзал аналар, – дей келе құттықтау сөз кезегін мектебіміздің директоры Қуатбекова Райхан Тұрсиматқызына және оқу-ісі жөніндегі орынбасары Нұрымбетова Сауле Сейтенқызына және тәрбие ісінің орынбасары Бимурзаева А.М. құттықтау сөзін ұсынамыз.

Жүргізуші:

Көңілің Алатаудың ақ қарындай,
Мейірімің күннің шуақ шақтарындай,
Қалайша аяулы ана тына алармын,
Ән болып сағыныштан ақтарылмай, - деп абзал аналарымыз бен қырмызы қыздарымыздың құрметіне "Ана - Анажаным" әнімен сахна төріне шақырамыз.

ӘН: Анашым Ана-жаным Орындайтын: Еркінбек Балнұр қызымыз

Жүргізуші:

Теңіздей тербетіліп көл бетінде,
Бишілер білеп кетті тербетіле.
Аққудай қалықтаған теңіздегі,
Бишілер өнерлерін көрсетуде, - дей отырып келесі кезекті «Лента» биіне береміз.

Би: 3 э сыныптың биші қыздары ортала.

Жүргізуші:

Ана деген – бастауы ұлылықтың.
Ана деген - рәмізі сұлулықтың.
Ана деген - бір жыр бар шырақалатын,
Асқактатар биікке ұрпақ атын.
Әркімнің де өмірден аласы бар,
Аласы бар адамның анасы бар.
Мерекесін құттықтап аналардың,
Өнерлерін жолдайтын баласы бар.

Оқушылар ортаға шығып тақпақтарын айтады.

Ермұхаммет, Нұрай, Нұрасыл, Гаухар, Аңгібек, Балнұр.

Жүргізуші:

Өсіп-жетілдік сенім бағында,
Сенімнің бағы - ана мейірімі.
Күндерді осы сенің барыңда
Санаймыз, ана, өмір сыйлығы.
Әрбір күніміз сен барда ыстық,
Сенің болғаның бізге бағалы.
Сенімен бірге бақытты құштық,
Ана мейірімі күліп қарады.

Жүргізуші: МОНОЛОГ «Рахмет саған Ана» Орындайтын Нұрхан Нұргүл

Жүргізуші:

Бұралып біздің қыздар билеген де,
Шығыстың асқақ әні тербегенде
Қол соқпай дәті шыдап тұра алар
Құрбылар айтыңдаршы қандай адам - -Көркем қызымыздың «Үнді биі» биін қабыл
алыңыздар.

Би: Үнді Орындайтын: Көркем

Жүргізуші:

Әркімнің де өмірден аласы бар,
Аласы бар адамның анасы бар.
Мерекесін құттықтап аналардың,
Өнерлерін жолдайтын аналардың баласы бар деп жаттауға кезек берсек.

Оқушыларға тақпақтарына кезек берейік.

Жасұлан, Көркем, Асылжан, Сезім.

Жүргізуші: МОНОЛОГ «Ана сен бақыттысың...» Орындайтын Арайлым

Жүргізуші:

Қыз сұлу көрінеді орнегімен,
Тізілтіп сөз маржанын тергенімен.
Майысып бұратылып, майда басып.
Жанына наз қалықпен келгенімен
Дарытқан бар асылды өз елінен,
Қыз сұлу көрінеді өнерімен.
Құлпырады мектебімің арулары,
Өткендей сұлулықтың елегінен.

Ән: Қазақ қыздары Орындайтын: Алпамыс

Ойын: «Оқушылар» арасындағы ойын.

Жүргізуші:

Теңіздей тербетіліп көл бетінде,
Бишілер билеп кетті тербетіле.
Аққудай қалықтаған теңіздегі,
Бишілер өнерлерін көрсетуде, — дей отырып келесі кезекті мың бұралған бишілерге береміз.

Би: «Қарлығаш» биші қыздарымыз ортада.

Жүргізуші:

Ару — Ана өмірдің асылдары,
Жайнасын көңілімің жасыл бағы.
Сендер үшін ән мен жыр шырқалуда,
Сендер үшін мереке шашулары, — дей отырып сыныбымыздың кішкене ғана ұйымдастырған Видеороликке кезек берсек.

РОЛИК «Үстаз-АНА оқушыларымен бірге»

Әзілшары Жәліпиев "күй"

Орындайтын: Нұрсұлтан

Жүргізуші:

Күнінде гүл көктемнің нұрын шашып,
Жасқанбай әр кадамын нық — нық басып,
Биімен көрерменді тәтті ететін
Арулар келді міне толқып, тасып. Ортада «Үнді» биі қабылалыңыздар.

Би: «Үнді» Арай мен Гаухар

Жүргізуші: Бізге қажымас қайрат беретін, таусылмас нәр, күш – қуат беретін аналар!

Аристотель, Фирдауси, Жәнібек пен Абылай, Абай, Шоқан, Махамбет пен Исатай,
Мағжан, Қайрат, Нұрсұлтан да сол ананың ұрпағы. Бәрі ананың ақ сүтін емген.

Біз с Аналармен бірге Аналармыз

Бүкіл әлем аналардың ақ сүтінен нәр алған,
Бүкіл әлем аналардың үмітінен таралған.

Әлемде егер ана болмаса осылайша,

Туар ма еді жүрегімде биік мақсат, игі арман?! – деп ақын ағамыз жырлағандай, мақтасак бүтін барлығын және білетін, тіршіліктің бұлағы әйел – ананы мақтайық!

ХОР: «Анашым қартаймашы жалынамын»

Оқушыларымыздың аналарына арналған сыйлықтарын табыс етеміз.

Жүргізуші:

Қыз сұлу көрінеді өнерімен,
Тізілген сөз маржанын тергенімен.
Майысып бұратылып, майда басып.
Жанына наз қылықпен келгенімен
Дарытқан бар асылды өз елінен,
Қыз сұлу көрінеді өнерімен.
Құлпырады мектебімің арулары,
Өткендей сұлулықтың елегінен.
(Ұлдарымыз қыздарға әкелген сыйлықтарын ұсынады.)

Жүргізуші:

Шабытым шалқып келгенде, шарықтап самған қалайым,
Жырымнан тізіп ақ моншақ, мойныма алқа тағайым.
Өлеңнен соғып ән мүсін, тойыма шашу шашайым,
Асылым, анам, сен үшін сырымды бүгін ашайым!

Би. Әзізбек
Сарындайтан: Арнайым

(Ата-аналарға сөз ұсынылады)

Жүргізуші:

Ана – барлық қиындықты женетін сарқылмайтын күш, тіршіліктің қайнар бұлағы қазақ әйелінің дастарханы тоқ қонағы ырға дүниесі түгел. Олар үшін бірінші орында отбасының берекесі тұрады. Бөбегін бесікке бөлеп, әлдилеп аялаған ана бақыт құшағында емес пе?! Бір өзінен бастап өмір жолдарын,
Жүрегіне, жүрегімді жалғадым.
Өзім мына сыйға берген өмірде
Ақ сүтінді ақтап өту арнағым.
Барша ана құтты болсын мерекеніз
Әрқашанда ана сізбен берекеміз.
Ақтасақ ақ сүтінді, асыл анам.
Сонда біз кісілікке теңесеміз.

Құрметті қонақтар, біздің «Сыйывар ем Ана деген тәңірге» атты мерекелік кешімізді көңіл қойып тамашалағандарыңызға көп-көп рақмет.

Деменіз біз өнерді аяп қалды,
Мезгіл де біраз жерге тапн қалды.
Қош болып тұрыңыздар көріскенше,
Осымен концертіміз аяқталды.

Сау-саلامатта болыңыздар!